



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Ұлттық Банк **ARǴYMAQ** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады

Астана қ.

2025 жыл, 21 қазан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» сериясынан **ARǴYMAQ** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады. Осы монета «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» сериясын аяқтайды.

Коллекциялық монеталар **2025 жылғы 22 қазаннан** бастап ҚҰБ <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылады.

### **ARǴYMAQ коллекциялық монеталары туралы**

Монета адам мен табиғаттың үндестігін бейнелейтін түркі мәдениетіндегі басты жануардың бірі – қасиетті арғымақты бейнелейді. Оның дизайны «сақ стилінде» жасалған жануардың шынайы және трафареттік бейнесіне негізделген.

### **Номиналы 5 000 теңгелік және 1 000 теңгелік ARǴYMAQ монеталарының сипаттамасы**

Күмістен жасалған монеталарды даярлау кезінде алтын жалату және гауһартас қондыру технологиясы қолданылған. Монеталардың бет жағы мен сырт жақ бейнесі бірдей.

Монеталардың бет жағы (аверсі) ұлттық ою-өрнекпен жиектелген. Сол сияқты соғылған жылы, номиналы, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі мен монетаның металы, оның сынамасы мен массасын білдіретін жазу бар. «QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY•REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» жазуы монета бетіне айналдыра жазылған.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) номиналы 5 000 теңгелік монетада – диаметрі 2 мм, ал номиналы 1000 теңгелік монетада – 1 мм гауһар тасы қондырылған арғымақ басының шынайы және трафареттік бейнесінің композициясы берілген. Жоғарғы бөлігінен «ARǴYMAQ» жазуын оқуға болады. Периметрі бойынша сәндік элементтері бар кең жиекті.

### **Номиналы 5 000 теңгелік монетаның бейнесі**



### **Монета:**

- күмістен дайындалған, сынамасы – 925, массасы 25 oz (777,5 гр.), диаметрі 100 мм, қондырылмалы гауһар тасының диаметрі 2 мм, дайындау сапасы – «proof», номиналы 5000 теңгелік, таралымы 250 дана;

### Номиналы 1 000 теңгелік монетаның бейнесі



- күмістен дайындалған, сынамасы – 925, массасы 31,1 грамм, диаметрі 38,61 мм, қондырылмалы гауһар тасының диаметрі 1 мм, дайындау сапасы – «proof», номиналы 1000 теңгелік, таралымы 4 000 дана.

### Номиналы 500 теңгелік және 200 теңгелік АРҒЫМАҚ монеталарының сипаттамасы

Монеталар МН 25 мельхиор қоспасынан, «proof-like» және «brilliant uncirculated» сапасында дайындалған. «Proof-like» сапасында әзірленген монетада алтын жалату технологиясы қолданылып отыр.

Монеталардың бет жағы (аверсі) ұлттық ою-өрнекпен жиектелген. Сол сияқты соғылған жылы, номиналы, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. «QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY•REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» жазуы монета бетіне айналдыра жазылған.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) арғымақ басының шынайы және трафареттік бейнесінің композициясы, ал жоғарғы бөлігінде – «АРҒЫМАҚ» жазуы бар. Периметрі бойынша сәндік элементтері бар кең жиекті.

### Номиналы 500 теңгелік монетаның бейнесі



- мельхиор қоспасынан тұрады, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, дайындау сапасы – «proof-like», номиналы 500 теңгелік, таралымы – 7 000 дана;

## Номиналы 200 теңгелік монетаның бейнесі



- мельхиор қоспасынан дайындалған, массасы 11,17 грамм, диаметрі 31 мм, дайындау сапасы – «brilliant uncirculated», номиналы 200 теңгелік, таралымы – 15 000 дана.

Монеталардың барлық түрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударылуға, ұсақталып, айырбасталуға міндетті.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)